

ŞÜĞYLA-RADUGA

№84 (6415), 18 қазан 2024 жыл

Газет 1966 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады



**ӘСКЕРГЕ
БАНУ – ОТАН
АЛДЫНДАҒЫ
ҚАСИЕТТІ БОРЫШ**

→ 2



**СПОРТТЫ СЕРІК
ЕТКЕН ҚАРИЯ**

→ 4

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

СЫН-ЕСКЕРТПЕЛЕР НАЗАРҒА АЛЫНДЫ



Жуырда аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында аудан прокуроры Марат Естаевтың төрағалығымен құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомстваралық комиссияның зекетті отырысы өтті.

Жәнібек АСАНОВ



Аудан әкімінің орынбасары Махпал Досымбекова, ауылдық округ әкімдері, аудан әкімдігінің бірқатар бөлім басшылары

мен аудандық полиция бөлімінің басшы құрамы қатысқан жиында «Құқық бұзушылық профилактикасы, оның ішінде интернет-алаяқтық, нашакорлық қылмыстарының және жол-көлік оқиғаларының алдын алу туралы» мәселе кенінен қаралып, жан-жақты талқыланды.

Басқосуда аудан прокуратурасының аға прокуроры Арманжан Әбдібеков құқық бұзушылықтардың өсу себептері бойынша баяндама жасаса, аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары Нүркен Төлеуішов күн тәртібіндегі мәселе төңірегінде атқарылған жұмыстарды тілге тиек етті.

Комиссия отырысында аудандық прокуратура тарапынан айтылған сын-ескертпелер, ұсыныстар назарға алынып, жауаптыларға тиісті тапсырмалар берілді.

→ 2

БІРІНШІ БАЙЛЫҚ – ДЕНСАУЛЫҚ

Қазақта «Денсаулық – зор байлық» деген тәмсіл бар. Бекер айтылмағаны анық. Дамушы елдердің бәрінде адам денсаулығы бірінші орында тұрады. Ата Заңымызда да мемлекеттің өлшеусіз байлығы адам екені дәріптеледі. Нақтылап айтсақ, мемлекеттің басты басымдығы әрқашан адам денсаулығын сақтау болып табылады.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҚТЫҢ МҮМКІНДІГІ МОЛ



Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ



Адам денсаулығын сақтау құқығына Қазақстан Республикасы Конституциясының 29-бабы кепілдік береді. Сондықтан да болар, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауларында денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыруға ерекше назар аударып келеді. Соның нәтижесінде отандық медицинада оңтайлы өзгерістер орын алып, сала барынша дамуда. Облыс орталықтарымен қоса аудандарда, тіпті шалғайдағы ауылдарда да медициналық нысандар көптеп бой көтеріп, емдеу орындарының материалдық-техникалық базалары жақсарды. Осы салада атқарылып жатқан кешенді жұмыстардың, қолдаулардың

нәтижесінде ауданымыздың медицина саласы да қарқынды дамып келеді. Тіпті, аудан орталығы Аса ауылынан медициналық орталық, стоматология ашылып, халыққа қызмет көрсетуде.

2020 жылы Аса ауылынан оңалту орталығы ретінде ашылған «Серпін» медициналық орталық жауапкершілігі шектеулі серіктестігі осы уақытқа дейін тұрғындарға қалтқысыз қызмет етіп келді. Осы ретте айта кететін жайт, дәл осындай орталық Байзақ ауданы Сарыкемер ауылында, Т.Рысқұлов ауданы Құлан ауылында орналасқан. Барлығы соңғы үлгідегі құрал-жабдықтармен, медициналық құрылғылармен қамтылған.

→ 4



КІТАП – САРҚЫЛМАС ҚАЗЫНА

→ 3

ӨЗЕКТІ

ЖАСӨСПІРІМДЕР ҚЫЛМЫСҚА БОЙ АЛДЫРМАСЫН

Жәнібек АСАНОВ



Қоғамның ең басты бейнесі әрі тәрбие алатын орны – отбасы. Отбасының басты қазығы, алтын тіреу діңгегі – бала. Қоғамды құратын азамат атаулы отбасында өсіп-өрбиді, тұлға болып қалыптасады. «Тәрбие отбасынан басталады» деп дана халқымыз бекер айтпаған. Саналы да білімді бала болашағын қалыптастыру – әрбір ата-ананың мерейлі міндеті, парасатты парызы.

Рас. Бүгінде егде тартқан кісілердің ғана емес, өрімдей жастардың қылмыс жасауы көз үйренген көрініске айналды. Теледидарды немесе әлеуметтік желіні ашсаңыз, бір-біріне әлімжеттік көрсеткендерді, қалтаға қол салып, ұрлық қылғандарды яки бұзақылыққа барғандарды көреміз. Бұғанасы бекімеген балаларды темір торға тоғытуға да, әлгіндей ұрлық-қарлыққа да қимайсыз. Бар болғаны «әттеген-ай» деп бармақ тістеп, сан сабайламыз. Әрине, қай елде болмасын, қылмыс жасалады. Қылмысты болдырмау үшін аудандағы жауапты мамандар бар күшін салып жұмыс істеуде.

Осы орайда сейсенбі күні аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Дәурен Сәпиевтің ұсынысымен құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында профилактикалық кенес отырысы өтті. Кеңеске аудан әкімінің орынбасары Махпал Досымбекова төрағалық етіп, оған облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Бауыржан Жанаев, аудан прокурорының орынбасары Ұлан Қиыбаев, дербес бөлім басшылары мен ауылдық округ әкімдері қатысты.

→ 2

19 ҚАЗАН – ҚҰТҚАРУШЫЛАР КҮНІ

АДАМ ӨМІРІН САҚТАП ҚАЛУ – БІЗДІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТІМІЗ

19 қазан – Құтқарушылар күні. 1995 жылы Мемлекет басшысының Жарлығымен құрылған арнайы қызмет күні бүгінге дейін халыққа қалтқысыз еңбек етіп келеді. Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін елімізде кәсіби апаттық-құтқару қызметі болмаған еді. Адамдарды, қоғамды апаттық жағдайдан құтқару жұмыстарын көбіне қоғамдық ұйымдар, құтқару бекеттері атқарып келді. Міне, осындай мемлекеттік маңызы бар қызмет жүйесін жасау үшін 1995 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті құрылды. Осы құжат негізінде 19 қазан Құтқарушылар күні болып белгіленді. Құтқарушылардың кәсіби мерекесі қарсаңында аудандық төтенше жағдайлар бөлімі бастығының міндетін атқарушы, азаматтық қорғау капитаны Нұржан Күдербаймен сұхбаттасқан едік.

– Нұржан Нұрланұлы, мереке құтты болсын!

– Рақмет.

– Құтқарушылардың қызметі жеңіл емес. Көгілдір экраннан, одан қала берді әлеуметтік желілерден құтқарушылар туралы бейнероликтерді көргенде жанымызды шүберекке түйеміз. Ер азаматтарымыз лаулаған оттың арасында өз өмірін тәуекел етіп әрі ауыр өрт сөндіргіш құралдармен жанталасып қызмет етеді. Мысалы, өзіңіз кей кез-

де осы саланы таңдағаныңызға өкінбейсіз бе?

– Әлемде 10 мыңнан аса мамандық түрі бар екен. Оған арнаулы және қосымша мамандық түрлерін қоссаңыз, 50 мыңнан асып түседі. Осындай мамандықтың ішінде ең қиын әрі қауіпті қызметтің бірі құтқарушылардікі деп білемін. Себебі қандай жағдай болмасын, қауіпке бас тіту, ең басты байлық адам өмірін сақтап қалу – біздің негізгі міндетіміз.

→ 2

ЖАЗЫЛЫМ-2025

KAZPOST

1 жылға – 4830 теңге

6 айға – 2415 теңге,

РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

1 жылға – 2940 теңге

6 айға – 1470 теңге,



KASPI.KZ АРҚЫЛЫ

ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ.

Жазылым индексі 68991

ЖАЗЫЛЫМ БӨЛІМІ:

☎ 2-17-98, 8 747 659 42 68



